



ХҒТАР 39.29.15

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-206-219>

Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер

С.О. Құлбарақ¹, А.Б. Жолмаханова², Ә.М. Башенова^{3*}

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

^{2,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(E-mail: ¹samen-56@mail.ru, ²erke_zh@mail.ru, ³basenovaalia@gmail.com)

Аңдатпа. Бұл мақала Қытай Халық Республикасындағы қазақ диаспорасының арасында сақталған топонимдік аңыздарды ғылыми тұрғыда талдауға арналған. Қазақ халқы ертеден келе жатқан бай фольклорлық мұрасымен ерекшеленеді. Сол мұраның маңызды бір тармағы – жер-су атауларына байланысты аңыз-әпсаналар. Қытайдағы қазақтар арасында кең таралған бұл аңыздар этникалық сананы сақтау мен тарихи жақты жаңғыртуда үлкен рөл атқарады. Мақалада Алтай, Іле, Тарбағатай аймақтарындағы қазақтар мекендеген жерлердің атауларына байланысты туындаған аңыздар жинақталып, мазмұндық әрі құрылымдық тұрғыда талданады. Бұл аңыздардан тек географиялық нысандар туралы мәліметтер ғана емес, сонымен қатар тарихи оқиғалар, батырлар мен ел басынан өткен кезеңдер жөнінде де құнды деректер алуға болады. Автор зерттеу барысында аңыздарды типологиялық жіктеуге тырысып, олардың поэтикалық құрылымын, кейіпкер жүйесін және танымдық ерекшеліктерін анықтаған. Сонымен қатар, мұндай фольклорлық мәтіндердің тарихи-мәдени контексте алатын орны мен маңызы да көрсетіледі. Мақалада дереккөз ретінде Қытай қазақтары арасынан жазылып алынған ауызша материалдар мен этнографиялық зерттеулерге сүйенген. Зерттеу нәтижесінде топонимдік аңыздардың қазақ халқының көне дүниетанымын, рухани-мәдени болмысын танытатын маңызды мәдени феномен екені дәлелденеді. Бұл зерттеу Қытайдағы қазақ қауымының тілдік, тарихи және рухани бірегейлігін сақтауда фольклордың атқаратын қызметін айқындайды және қазақ топонимиясын зерделеуге қосылған елеулі үлес болып табылады.

Түйін сөздер: Қытай қазақтары, топонимикалық аңыздар, фольклор, топонимдік сарындар, тарихи оқиға.

Түсті: 16.06.2025; Жөнделді: 25.06.2025; Мақұлданды: 13.09.2025; Онлайн қолжетімді: 25.09.2025

*хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Жер-су атаулары халықтың тасқа түскен тарихы, сөйлете білсең, көркем шежіресі іспетті. Сондықтан топонимиканың, оның ішінде топонимикалық аңыздардың жиналуы мен зерттелуі аса маңызды саналады. Отандық ғалымдар топонимияның тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері туралы жан-жақты зерттеу жұмыстарын атқарып келеді. Топонимдік атаулардың мән-мағынасы, тарихқа қатыстылығы мен аңыздық сипаты жөніндегі М.Мырзахметовтың (1998), Т. Жанұзақтың (2011), С. Қасқабасовтың (1984), Қ.Тұрсынқұловтың (1998), Б. Қошым-Ноғайдың (2003), Е. Керімбаевтың (1984), Б.Тасполатовтың (2016), Е. Оралбайдың (2019), М. Мамышева мен Ш.Сеитованың (2022), т.б. зерттеу еңбектері методологиялық негізге алынды. Сол сияқты қытай топонимдерін СНТоро жобасы арқылы жүйелеп, цифрлық корпус арқылы олардың ресми қолданысын айқындайтын қытай ғалымдарының еңбектері де негізге алынды (Ye et al, 2025). Ал «Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары мен мотивтер» мақаласы сол атаулардың халық жадындағы тарихи-мәдени мазмұнын ашып көрсетеді. Екі еңбекті біріктіре қарастыру топонимдерді әрі техникалық-лингвистикалық, әрі этнолингвомәдени қырынан кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, шетел қазақтарының топонимдік аңыздары әзірге нақты зерттеу объектісіне айналған жоқ. Зерттеу жұмысының өзектілігі – ғылыми объекті тың болып есептеледі. Сондықтан да жұмыста топонимикалық аңыздар мен сарындарды талдау-сипаттаумен қатар, мәтінмен таныстыру мақсаты да қарастырылды.

Әдіснама

Қытайдағы қазақ топонимдік аңыздары ол жақты білмейтін қазақтар үшін ел тарихынан, олардың басынан кешкен қилы кезеңдерден, елдің азаттығы үшін күрескен айтулы тұлғалардың жорық іздерінен, жер реңінен, оның байлығы мен сұлулығынан мол хабар береді. Әсіресе топонимдік сарындарда халықтың туған жерге деген сүйіспеншілігі, ауыр жағдайларға байланысты қимай қоштасуы мен сағынышы көркем бейнеленген. Топонимдік сарындарда жер-су атауы нақты айтылып, поэтикалық бейнесі жасалған.

Нәтижелер мен талдау

Топонимдік сарындар Қытайдағы қазақтардың тарихи жырлары мен ғашықтық, хикаялық дастандарында молынан кездеседі. Оларды есепке алғанда, соншалықты бай лексикалық мол мұраға кезігіп, халықтың жер-су аттарын қоюдағы тапқырлығына, қиял ұшқырлығына сүйсінесің. Жетісу, Қытайдағы Іле өңірінің қазақтарына кең танылған дәулескер күйші Қожеке өмірінің қиын тағдырына арналған «Қожеке» тарихи жырында мәселен *Іле, Текес, Күнес, Тұзкөл, Иірсу, Шалкөде, Айғайтас, Құмбел, Қоғалысаз, Ақбастау, Шартас, Шарнауа, Тиекті, Көктекшелі, Шымылдык, Қарағай, Ағаяз, Жырғалаң, Қапсалаң, Жалаңтөс, Бұтақара, Қасқарау, Селкілдек, Үш Құштай, Аттыңтауы, Тарланқап, Сарбуыршынның кезеңі, Құмыл Баркөл, Аратұрық, Дағыты асуы, Нарат асуы, Жұлдыз тау, Қапшағай* тәрізді көптеген жер-су атаулары ұшырасады (Алпысбаева және т.б., 2005). Мұндағы жер-су атаулары жай ғана тізбектелмейді, қаһарманның басындағы

қиындыққа орай психологиялық әр алуан реңкте бейнеленеді. «Тұнжырап Тұзкөл жым-жырт ойға батқан,/ *Иірсу* ірікті бойын ойдағы аққан./ *Шалкөде* бар ашуын шақырғандай,/ *Айғайтас* сап жатқандай «ойбай, аттан!» деп келетін жыр жолдарындағы топонимдік атаулар образды үлгіде – бірде тұнжырап, бірде бойын іркіп, бірде бар ашуын шақырып, бірде айқай салып – кейіптеу түрінде берілген. Оқырманына эмоциялық әсер ерекше. Біз білмейтін өлкедегі қазақ жерінен хабар береді. Халықтың ол жерде ұзақ уақыт тұрып, қимас атамекеніне айналғанын сезінесің. Жергілікті болыс-билердің құдалауына түсіп, шекараның арғы бетіне өтіп, сондағы туыстарын паналағанмен, өктем билік ақыры жазықсыз күйші мен оның ұлы Нұрқанды дарға асып өлтіреді. Тарихи жырда жер атауына қатысты қысқа қайырылса да, топонимдік аңыз – ел естелігі берілген. «Бір сай бар аталатын *«Жылан орда»*,/ Көш жолы осы сайға құлағанда./ Баласын қозы айдаған жылан шағып,/ Жалшы ана зар илеген жылап онда,/ – деп, сайдың *«Жылан орда»* деп аталу себебі баяндалады.

Сюжетіне ХХ ғасырдың алғашқы жартысында Шыңжан өлкесінен Чинхай, Тибет, Үндістан, Кашмир өңірлеріне ауған қазақтардың бастан кешкен қиын-қыстау оқиғалары арқау болған «Үркін-қорқын» тарихи жырында «Ел кетті Жетіобадан Құм өзенге, Алдымыз қалың Тибет жол кезеңде» деп жаппай үркіншіліктің қайда бет алғанынан хабар беріледі. Қытай қазақтары арасында жырдың үш нұсқасы белгілі болған. Бұл нұсқаны жергілікті ақын Сейітқан Бортанқажыұлы 1940 жылдары жырлаған. Қолжазбасын 1958 жылғы саяси науқанда өртеп жіберген. Сейітқан Көкбайұлы, Серікбай Қамзаұлы сынды ел азаматтары бұрын жаттағандары бойынша еске түсіріп, қағазға қайта түсірген (Қосан, 2005). Тарихи жырда абақ-керей елінің қайғы-қасіреті елес береді.

Тарихи жырдан гөрі қаһармандық жырға көбірек келетін «Ер Бұланда» «Ұзынсай» оқиғасы баяндалады. «Ұзынсайда» пәле қасқыр бар деген аңыз ел ішіне тараған. Адам жеп дәнiккен қасқыр тосыннан килігіп, адамды дерексіз жоқ қылады екен. «Ұзынсай» оқиғасына қатысты топонимдік сарында Бұланның жүрек жұтқан батылдығы суреттеледі: «Ақ төс, қара бір қасқыр жетті қуып,/ Көрмеген қара қасқыр өзі туып./ Қаптады шүйе бөрі тұс-тұсынан,/ Мөлшері тіпті қалың жүзге жуық.// Бұлан да бұл жауыздан тайынбады,/ Сайысқа не де болса дайындалды./ Қара қасқыр биіктен атылғанда,/ Сілтеді қамшыны әйтеу, жаны қалды.// Бүктетіліп түсті сұмның есі кетіп,/ Қаптады шүйе бөрі қың-шың етіп./ Дырауын үйіргенде қаһары кеп,/ Тырмысып тауға таман берді зытып» (Алпысбаева және т.б., 2005). Топонимдік сарында «Ұзынсайдың» қауіптілігі пәле қасқырмен байланыстырылады. Жалпы, Қытай қазақтарының фольклорында жер ыңғайына орай кездесетін қасқырдың адамға қауіптілігі, батыр тұлғаның онымен алысып, мықтылығын танытуы жиі байқалатын көріністер.

«Шейітсай» жыры тікелей жер атауының қойылу сырына арналған. Туындының оқиғасы Айгүл мен Берікбол сынды екі жастың өз дәуірінің қаныпезер билеушісі Қанжарқын болыстың қолынан айуандықпен өлтірілуіне құрылған. Олардың қаза болған жері кейін ел аузында *«Шейітсай»* атанып кеткен. «Арқалап алып барып бір қуысқа,/ Қалқа ғып аузына тас қалайды екен./ Бір қонып екеуіне Құран оқып,/ Аманат осы сайға арнайды екен./ Батыста Айгүл жатыр жерлігінде,/ Берікбол бір қуысты алған екен./ Екі жас өз жауынан шейіт болған,/ Ел мұны *«Шейітсай»* деп атап кеткен./ Берікбол бір жалшының баласы еді,/ Жалайыр, қазақ ұлты келу тегі,/ Ғасырды бір ораған осы шейіт,/ Сартап боп сол үңгірде жатыр әлі», – деп сай тарихы жырланады (Алпысбаева

және т.б., 2005). Бірін-бірі сүйген Еңлік-Кебек сынды екі жастың трагедиясы шамамен XIX ғасырдың бас жағында болған. Ел ішінде аңыз түрінде тараған оқиғаны өзінің қайынатасы, жергілікті жердің беделді кісісі Мыңжан ақсақалдан естіп, 1946 жылы қиссаға айналдырған Шыңжандағы қазіргі Бұратола Моңғұл автономиялы облысының жергілікті тұрғыны Шакура деген әйел (Алпысбаева және т.б., 2005). Жырда *Сайрамкөл, Ортақсары, Арасан* тәрізді жер-су аттары аталып, «*Әнжанның Көктекшесі*» деген жер атауының тарихы қысқаша баяндалады. «Малы көп Қанжарқанның шіріген бай,/ Жалайыр деген елдің болысы екен./ Іленің терістігі *Сайрамкөл, Ортақсары* қонысы екен./ Әнжандық өзбек қызы бәйбішесі,/ Қонысы бәйбішенің *Әнжантекше*./ Жайласа Сайрам төрін төрт тоқалы,/ Бәйбіше сәл олардан тұрды ерекше./ *Арасан, Ортақсары* күнге беті,/ Малдары Қанжарқанның қыстайды екен./ Әнжанның туыстары саяхаттап,/ Жайлауда апайына келеді екен./ «Әнжандық қаптап кетті» деп қазақтар,/ «*Әнжанның Көктекшесі*» деген екен» (Алпысбаева және т.б., 2005). Жер-су атауларының қойылуының түрлі себептері болады. Топонимикалық аңыздарда жер-су атаулары негізінен сол жерде ізі қалған тарихи оқиғаға, тарихи тұлға қатысты қойылады десек те, тұрмыстық жағдай да жер атауының қойылуына себепші болады.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» лиро-эпосы – қазақ арасына кең таралған жыр. Шығыс түркістандық ақын Дәуіт Отарбайұлы жырлаған нұсқасы Қытай қазақтары арасында кеңінен танымал. Зерттеушілердің айтуында, Дәуіт ақын жырлаған эпоста байырғы желі біршама сақталған (Ғашықтық ғаламаты, 2000). Жырда бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті, мотивтер тізбегі сақталғанмен, өзгешеліктер бар. Мәселен, Баянның сұлу көркін естіген ноғайлының бегі Әбдіжаппардың құл болып жылқы бағуы, аты ұмыт болып, «Қодар құл» атануы, Қозының Баянды іздеп жолға шыққанда, қалмақтардың қолына түсіп, Уаң ханның алдына келуі, тағы басқа желілер басқа нұсқаларда кездеспейді. Мұндағы оқиға Шығыс Түркістандағы Алтайдан басталып, Аякөзде аяқталады. Осыған орай Шығыс Түркістандағы біраз жер-су аттары: *Сарыөзен, Сары Ертіс, Қара Ертіс, Бала Ертіс, Бақын су, Қатын су, Сауыр тау, Бурыл, Шіңгіл белі, Бурылтоғай, Үліңгір* аталып, топонимдік сипаттама беріліп, кей жерлердің аталу себептері жырланады. «Сарыбай бастап көшті елден ауып,/ Көңілін көтермекке қылар сауық./ Өзенге қырат асып қона қалса,/ Қыран құсы қашыпты ебін тауып./ Ол жердің атын содан «*Қыран*» қойды,/ Үріккен ел үрей қумай жияр ма ойды./ Оған да байыз таппай көшіп еді,/ Зорығып бір бурасы жолда өледі./ Ол жердің атын қойып «*Бура асуы*»,/ Тоқтамай толғатқандай жөнелелі», – деп жырлайды. Қасқырдың адамға шабуы, ол жердің адам үшін қауіпті болуы тәрізді «Ер Бұлан» жырындағы мотив Дәуіт ақын нұсқасында да кездеседі. Лиро-эпостағы «Қиылдың қырық бөрісі» атанған қауіпті жер осымен мәндес. «Талай күнде Сауырдай тауға келді,/ Көрмеген жер саз-батпақ, қауға келді./ «*Қиылдың қырық бөрісі*» деген бөгеу,/ Бір пәле тағы, міне, жауға келді./ Қырық бөрі жер қобықта құтырады,/ Сілкініп тұс-тұсына жұтынады./ Бермесе Тәңір өзі оған жәрдем,/ Нашарлар әлдеқашан тұтылады./ Арсылдап қасқыр шапты топқа таман,/ Қарасаң бөрі түсі тым-ақ жаман./ Айғайлап Жандос оны найзалады,/ Олар да жараланбай қалмады аман». Жыр жолдарынан жердің «*Қиылдың қырық бөрісі*» атану жайы білінеді. Оқиға арасында ұшырасатын топонимикалық сарынның аңыздық желісі көрініс береді.

Көне көк түріктер мекені болған қасиетті Алтайдың аңызы аз емес. Сан алуан аңызға арқау болған Алтай даласы ақын-жырауларды ғана емес, толарсағынан қан кешетін

батырларды да дүниеге әкелген. Соның ішінде Абылаймен тізе қосып жоңғарларды жеңуде ерен ерлік көрсеткен Ер Жәнібектің ұрпағы мен өзінің қара шаңырағы *Өр Алтайдың Шіңгілінде* отырған. Әдебиеттің шешендік өнері сөз болғанда, Ер Жәнібек айтыпты дейтін кестелі сөздер көп кездеседі (Озғанбаев, 2014). *Сартоғай* десе талай шежіре айтылады. Оспан төңкерісіне қатысты әңгімелерде 1943 жылдың күзінде осында бекінген Гоминдаң шерігіне тұтқиыл шабуыл жасаған қазақ сарбаздарының ерлігі аңызға айналған. Оспан батырға серік болған Сұлубай сынды ерлер де осы өңірде қанаттанып, туған даласының бір биігін жастанып қыршынынан қиылған. Артына қалған «Сұлубай әні»: «*Шіңгілдің* мөлдір суындай, деп салған әнім Сұлубай», – деп келетін асқақ әні қалды (Кәкішев & Шәкенұлы, 2010).

XVII-XVIII ғасырларда жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес жүргізген аса ірі қолбасшы, әрі ұйымдастырушылардың бірі Қаракерей Қабанбайдың өмір белестері мен жорық жолдары оның тікелей ұрпағы, жазушы, тарихшы, этнограф Зейнолла Сәніктің еңбектерінде көрініс тапқан. «Хан батыр – Қабанбай» атты естелік, эсселер жинағында Қабанбай батырға қатысты ел аузында сақталған тарихи, топонимдік аңыздар беріледі (Сәнік, 2005). Аңыздар арада ғасырлар өтсе де, Қытайдағы қазақ жұртшылығының есінде берік сақталған. Бұл халықтың өзінің қас батырына деген сүйіспеншілігін білдірсе, екінші жағынан Қытай қазақтарының топонимдік аңыздарын қарастыруда көптеген құнды материалдар беріп отыр. Қабанбай батырдың жүріп өткен жорық жолдары, жаумен шайқасы, жекпе-жегі мен жеңісі, адамдармен қарым-қатысы, астындағы атына дейін халық аңызға айналдырып, белгілі жер-су атауларын иелеген.

Қабанбай шоқысы З. Сәніктің (2017) суреттеуінде биігін бірде тұман бүркеп, бірде ашылып, алма-кезек мұз құрсанып тұрған алып шың. Биіктігі теңіз деңгейінен 4257 метр. Автор бастаған адамдар тобы ата-бабаларымыздың алғашқы наным-сенімі күнге, тауға табынып, тәу еткен ғой деп, ата-баба аруағына құран бағыштайды. З.Сәнік Қабанбай батыр шыңына арнаған өлеңін келтірген. «Қазақтың тарихында батыр қандай,/ Әр таңын тау жастанып атырғандай./ Қабанбай шыңы, әне, қасқайып тұр Ерлікке ұрпақтарын шақырғандай.// Тұрсын деп ешнәрседен тасаланбай,/ Нараттың биігінен қашағандай./ Бас сардары басқалардан ерек қой деп,/ Халқы оған таудан мүсін жасағандай» (Сәнік, 2017). Әрине, кітапта да, ел аузында Қабанбай шоқысына қатысты топонимикалық аңыз берілмейді. Сондықтан мұны ел аузында сақталған топонимдік аңыздық хабар (мәлімет) деп қабылдаған жөн болар. Осындай үлгінің қатарына «Түйебасы» жер атауын да жатқызуға болады. Бұл Қабанбайдың Ақбас атанының басы қойылған жер, жалама жартас: бұл жақтағы елі батыр бабасының жорықтағы жолдасы есептелген қасиетті атанның басын қадір тұтады... (Сәнік, 2017). Әлбетте, кезінде Қабанбайдың Ақбас атаны туралы талай аңыз әңгімелер айтылған болар-ау. Бірақ ол әңгімелер бізге жетпеген тәрізді. Алайда, батырдың Ақбас атанының құрметіне жер «Түйебасы» деп аталған. Мұны да ел аузында сақталған топонимдік аңыздық хабар деп қабылдаймыз.

Қабанбай өткелі тарихи топонимикалық аңызы былай өріледі: Қабанбай Жәнібектің талабымен қалың қол бастап, Алтай бетіне келген кезде, Ертістің суы тасып, өткел бермейтін дәрежеде арнаға сыймай жатса керек. Сонымен, ел өтетін жерді біле алмай, қатты дағдарыпты. Мұндай қиын жағдайды ұққан соң, Қабекең өзінің кәдімгі төрт алмажайы – киелі түлкілеріне ақыл салыпты. Бұл киелі қызыл түлкілер батырға айсыз қараңғы түнде, жолсыз далада және осындай тасқын суға кезіккенде көмек көрсетіп,

бағыт-бағдарын түзеп отырады екен. Бұл жолы да Қабанбай өзінің сол алмажайларының көмегімен Ертістің «Ақ ит» деген жеріне келіп, сол жерден есен-сау өтіп шығады, сонан тартып сол жердің аты «Қабанбай өткелі» аталыпты (Сәнік, 2005). Аңыздан мифтік сипат аңғарылады. Былайғы серіктеріне білінбей, тек батырдың өзіне ғана көрінетін алмажайларды көне түркілік «Оғыз қаған» жырындағы қағанның қиналғанда жол бастайтын Көк бөрісімен сабақтастыруға болады (Келімбетов, 2005).

Аттың тауы, Тесік тас. Текес өзенінің терістік жағында *Аттың тауы* деген тау бар. *Моңғұлкүре* жақ басында *Қарауыл шоқы, Тесік тас* бар. Батыр атамyz бауыры Қарақұрсақ ауылын қырғыздың Әтеке жырығы қырып кеткендіктен, кек алу үшін аттанып келіп, осы *Аттың тауы* атты тауда 40 күн бекініп жатып, *Тесік тастағы Қарауыл шоқыдан* бақылау жүргізген. Сонда Әтеке жырық тағы жорыққа шығып, қазіргі Моңғұлкүренің *Балықтысу* деген жеріне келгенде бекініп жатқан Қабанбай қолы тап беріп, Әтеке қолын бірден талқандап жібереді де, қанға-қан, жанға-жан алып, бауыры Қарақұрсақтың кегін қайтарады. Сонан бастап батыр атамyzдың ат бекіткен жері – *Аттың тауы*, қарауыл қойған жері *Тесік тас* аталыпты, – дейді З. Сәнік (Сәнік, 2017). Топонимикалық аңыздың нақ үлгісі: оқиға тарихи шындық аясында дамып, реалистік сипат алған. Мұндағы оқиға Қабанбай батыр өмірінің үлкен шындығын қамтиды.

Қарабас шоқысы, Беделдің жазығы, Сабаздың кеңі. Кейбір жер-су атауларының аталу себебі нақты айтылғанмен, тарихи аңызға еш байланысы жоқ болып келеді. Қазақтың жер-су атаулары көбіне сол жерді мекендеген, тұрақтаған адамдардың есімдерімен аталатыны да белгілі. Шәуешек қаласының батыс жағындағы шоқыны біреулер «*Бақты*», біреулер «*Қарабас шоқысы*» деп атайды. Қарабас Дортуылдың бір батырының аты екен. Сол Қарабастың түбіндегі байтақ жазықты «*Беделдің жазығы*» дейді ел. Бедел – Мәмбет ішінде Қожақұл деген елдің үлкен байы екен. Сол өңір солардың жері екен. Мұның тағы бір қисынды жері – осы өңірдің батысындағы кең қолқатты «*Сабаздың кеңі*» деп атайды. Үш жүзге әйгілі Қабанбайдың Сүлеймені осы жерді мекендепті. Қанағат болыс әкесі Сүлейменге ас беріп, үш жүзді тұтас шақырыпты. Бірінші жылы Ұлы жүз, екінші жылы Кіші жүз, соңғы жылы Орта жүз шақырыпты. Ұлы жүз, Кіші жүз шақырылғанда Орта жүз күтуші болыпты. Орта жүз шақырылғанда тұтас Найман күтуші болыпты дейді үлкендер. Сонда бұл өңір Қабанбай ұрпағының жері болып шығады деп тарихталады (Сәнік, 2005).

Қубастың тұмасы, Қубастың жалы, Қубастың жазығы. Батырдың сенімді серігі – астындағы аты. Аңызда Қабанбай батырмен қатар астындағы аты дәріптеледі. Оның су ішкен тұмасы, жайылған үлкен жалы, жазығы ел аузында аңызға айналып айтылған. Қабанбайдың Қубас аты сол Қубастың жалына жайылып, осы тұмадан сусындайды екен. Сол себепті ел мына тұманы – «*Қубастың тұмасы*», анау үлкен жалды – «*Қубастың жалы*» деп, ал онан арғы Қызылкесікке дейінгі жазықты – «*Қубастың жазығы*» деп атайды екен дейді (Сәнік, 2005).

Қызылкесік, Қабанбайдың Майлышаты, Доланқара. Жер атаулары туралы аңызды баяндаушы былай сипаттайды: Мына алдымыздағы аңғарды «*Қызылкесік*» деп атайды. Оның ар жағындағы анау биік шоқының бер жақ асты терең шатқал болып келеді. Басы сонау жатқан *Тарбағатайдың Айғай жалынан* басталады. Сол шатқалды ел «*Қабанбайдың Майлышаты*» дейді. Батыр атамyz жоңғарларды соңғы рет талқандап, енді қазақ жерін баспан дегізіп, *Баспан шоқысынан* асырып айдағаннан кейін, жеңіспен қайта оралған

шағында осы *Майлышатта* май ағызып, үлкен той жасаған екен. Ал мынау солтүстіктегі алқапты жазықтың ортасында бір шағын төбешік бар, жанына барсаң қолдан жасағаны бесенеден белгілі. Сол бір жаугершілік заманда қарауыл үшін әдейі жасалған сияқты. Небір дәу тастарды қалайдан-қалай апарғанына қайран қаласың. Ал сол төбешіктің батыс жағында, анау көз ұшында тұрған жуан төбені ел – «*Доланқара*» деп атайды. Жоңғар батыры Доланқараны Қабанбай атамыз сол жерде жекпе-жекте жайратқан екен (Сәнік, 2005).

Доланқара аңызы. Автор бұл аңызды ақын-шежіреші Қалиасқар Исахановтан жазып алған. Жоңғар жасақтарының батыры Доланқара еліріп, бар қазақты бір-ақ жұтатындай әлпеттеп өңешін Алакөлге қарай созыпты. Сонда Қабанбай батыр жауға қарсы шеп құрып, Тоғас Қосай батырды қалың қолмен анау Тарбағатай жонындағы Қабар асуына қойыпты. Мұрын Назар батырды мол жасақпен мына Қарғыба-Базар өзендерінен басталатын кезеңіне орналастырыпты. Ал, Тума Шыңғожа батырды өз сарбаздарымен Аякөздің жоңғарға қараған шығар аузындағы маңызды тосқауылға, яғни қазір ел «Қабанбайдың Майлышаты» деп атайтын үлкен шатқалдың басқы кезеңінен тосып жатыпты. Арындап, айқұлақтанып келе жатқан жау қазақтардың бекінісін ұқпай аңғалақтап үстіне жетіп келгенде, Қабанбай қолы оларды жайратып салыпты. Тұмсығы тасқа тиген жаудың қалдық күштері кейін шегініп барып, арт жағынан күш толықтырады. Адамдарын сығайлап, шолғыншы арқылы қазақтардың ішкі жағынан хабар алып, бұрынғыдан да көп күшпен қайта тиіседі. «Қазақтардың өкпе тұсынан жарып кіреміз» деген тәсілмен ұйтқы күшін ортадағы тосқауыл Қабанбай қолына тіке қаратып, аз күшпен Қабанбайдың қанат күштеріне бүйідей тимек болады. Жаудың бұл қулығын біле қойған Қабанбай енді оларды ішке кіргізіп алып, ұтылап соғу тактикасына көшеді. Сол күнде шоқы-шоқының басына қарауыл қойып, түн қараңғысында от жағып хабарласатын хабарласу белгісі болады екен. Мұндай хабарласу белгісін жазық жерлерде қолдан жасайтын көрінеді. Мұны ол кездің қазақтары «өртең» деп атайды екен. Қабекең бұл жағдайды өртең белгісі арқылы екі жағында бірнеше жүз шақырым алыста жатқан қанаттас жасақтарына хабарлатады. Өзі шегіне соққылап, Доланқараның күшін әлсірете береді. Сөйтіп, әлгінде өзіңе көрсеткен Доланқара шоқысына жеткенде теке-тіреске өтеді. Осы кезе Қабекеңе қанаттас ұрыс салып жатқан Қосай батыр, Назар батыр, Шыңғожа батырдың жасақтары да жетіп үлгіреді. Доланқараның қолы қоршауда қалады. Талай-талай есіл азаматарынан айрылып, кекті ашуы кең сахараға сыймай келе жатқан қазақ батырлары жоңғардың қалың қолына жан-жақтан бүйідей тиіседі. Жасағы жәркемге түсіп, қатты ойсыраған жау ең ақырында шыдай алмай «Жекпе-жек, жекпе-жек!» деп айғай салады. Түнерген түкті батырлар жекпе-жекке түсіп, бірін-бірі жамсатып жатады. Сонда да қазақ жағы тым басым келеді. Ең соңында жекпе-жекке Қабанбай мен Доланқара шығады. Егеске түскен екі жақтың бас батыры бірін-бірі алыса алмай ұзақ сайысады. Батырлар қақырағанда қан түкіріп, аттары толарсақтан топырақ кешеді. Жұрт «Абылайлап», Қожағұл батырдың аруағын шақырып, солардан Қабекеңе қайрат беруін тілейді. Екі батырдың аты да шыдай алмай жығылып түседі. Сәлден соң Доланқараның кеудесі сырылдап, көзін топырақ баса береді. Сенделектеп, әлденеше рет сүрініп кетеді. Дәл осы сәтте сайыстың үстіне қалың қолмен Абылай келіп қалады. Ханын көрген соң, Қабанбайдың қайраты тасқындап кетеді. Оны үстіне Абылайдың «Иә, Қабеке, осындайда өрекің кететін көк перің бар еді ғой! Пер найзаңды қос өкпеден!» деген айғайы оның

бойына мойымас күш-қуат бергендей болады. Дәл сол сәтте реті келіп қолтық түптен қара тамақ найзасын періп кетеді. Қабырғасы сөгіліп кеткен алпамсадай қалмақ батыры өкіріп барып, кескен теректей жерге күрс ете түседі. Доланқара жатқан жерінен тұра алмай қалады. Қан жосылып ағып, ұйып жатады. Қорқыраған дыбыс, шүмектеген қанға қыбы қанып тұрған қазақ батырлары Қабекеңе қарай жақындап келеді. Қабекеңнің найзасы тым бойлап кеткен екен. Суырып алып, ұшына қараса, басына бірнеше тал қыл оралып шығады. Батыр соған қарап, басын шайқапты.

– О не? – дейді Абылай Қабекеңнің жанына жақындап келіп.

– Ойпырым-ай! Мына кәпірдің жүрегінің түгі бар екен ғой. Мынауың оңай жау емес көрінеді. Опырығым, сен келіп қайрат бермесең, жеңуім екітаалай екен. Жауың қане десе, мынау дейтіндей жаудың өзі көрінеді. Осы төбенің аты «Доланқара» болсыншы... – дейді Қабанбай. Содан тартып, осы жота «Доланқара» атанады» (Сәнік, 2005).

Доланқара топонимикалық аңызы осылай өріледі. Жалпы, қазақ жерінде қалмақ батырларының есімімен аталатын жер аттары жиі кездеседі. Бұл XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-қалмақ шайқастарының қазақ даласында жазылып қалған тарихи шежіресі болса керек. Аңыздан жаудың әлсіз болмағаны, сұрапыл әскермен шабуыл жасап, арада кескілескен шайқастардың болғаны аңғарылады. Сонда да қазақ жасақтары туған жер үшін жанын аямай ұрысқа түскен. Талайлары шейіт болып жатты. Аңыздан Қабанбай батырдың қолбасшылық дарыны ерекше көрінеді. Жауға қарсы соғысудың далалық, таулық тактикасын жете меңгерген. Жекпе-жекте де толағай күш-қайратымен, амал-тәсілімен дараланады. Адамдық, батырлық қасиеті де жоғары. Жауын жан беріп, жан алысқан жекпе-жекте жеңе отырып, оның батырлық қасиетін, екінің бірінің бойына бітпес күш-қуатын сыйлайды. Жалпы, Долаңқара аңызын топонимикалық аңыздың классикалық үлгісіне жатқызуға болады.

«Тоқта» топонимикалық аңызы жаугершілік заманның оқиғасын баяндайды. Белжайлаудың шығыс солтүстік жағын *Тоқта*, шығыс жағын *Сарытау* деп атайды. Қабанбай дәуіріндегі Мәмбет елінің жайлауы осы екен. Қабанбайдың 16 жасында ағасы Есенбайды қалмақ батыры Олже Жырғыл найзалап кетіп, жылқысын тартып әкетеді. Інісі Қабанбай із бойынша іздеп келсе, бір жерде «то-қ-та, то-қ-та» деген ыңыранған дауыс шығады. Келсе, ағасы Есенбай қанға батып жаралы жатыр екен. Бас салып бүйіріне қадалған жебені суырып алғанда, Есекең жарықтық сылқ етіп құлап, сол жерде жан үзеді, сонан тартып сол тау «Тоқта» атаныпты дейді (Сәнік, 2005).

«Баян-Жүрек жотасы» топонимикалық аңызы екі жастың сүйіспеншілігіне, олардың тұрлаусыз тағдырына арналған. Мұнда Қабанбай, Есенгелді батырлар оқиғаның тікелей ортасында болмаса да, олардың сүйспеншілігін жоғары бағалап, ел жадында сақталуына себепші болады. Аңызда қазақтың батыр жігіті мен қалмақ қызының арасындағы махаббат сезімі баяндалады. Сол Қабанбай, Есенгелді заманында қазақтың ер жүрек батырларының бірі соғыста жоңғарлардың қолына тұтқынға түсіп қалады. Оның сымбаты да, өнері де елден ерек болса керек. Үй түрмесінде отырған есіл ердің сол ерекшелігі жоңғар шонжарының қыз-келіншектерін қызықтырып, еркектері жорықта жүрген елдің назарын өзіне баурап алған екен. Сонымен монғолдың бір шонжарының аруы қазақ батырына құлай ғашық болып, екі ғашық көңіл қосып жүргенде қыз екіқабат болып қалады. Бұл жағдай сол елге біліне бастаған соң, әрі екеуіне де қауіп төніп, қайтерін білмей дағдарып жүрген сәтінде Қабанбай, Есенгелді қолы Іле өңіріне келіпті деген хабар

таралады. Екі ғашық түн жамылып, қазақ қолы келіпті деген жерге қарай қашады. Түн жүріп, күн жүріп, талыққан екі ғашық бір төбенің бауырындағы қалың бұтаның арасына келіп, сәл тыныққан сәтінде шырт ұйқыға кетіп едәуір жатып қалады. Осы сәтте артынан қуғыншылар жетіп, баяғы қу сауысқан шықылықтап айналсоқтағанын байқап қалған қуғыншылар екеуін ұйықтап жатқан жерінен ұстап алып, сол жерге бауыздап, денесін тастап, бастарын алып кетеді. Көп өтпей бұл жерге Қабанбай, Есенгелді қолы да келіп үлгіреді. Олар да айналсоқтаған қарға-құзғынның, шықылықтаған сауысқанның қимыл-әрекетінен сезіктеніп, әлгі бұтаның арасынан бір ер, бір әйелдің өлі денесін табады. Тексеріп көргенде қыздың қалмақ қызы екенін киімінен таныса, жігіттің қазақ жігіті екенін де киімінен және сүннетке отырғызылған белгісінен танып: «Е, мыналар ғашық жандар екен, мұндай жағдай бұрын да болған ғой. Сондықтан қыздың атын Баян деп, жігіттің атын Жүрек деп, жаназасын шығарып, осы жотаға арулап қойыңдар, бұдан кейін осы жотаның аты Баян-Жүрек жотасы болсын» деп бұйырған екен асыл бабаларымыз Қабанбай мен Есенгелді батыр деп аңызда тартылып айтылады (Сәнік, 2017).

Топонимикалық аңыздан Қабанбайдың жаужүрек батырлық тұлғасы ғана емес, оның адамдық биік қасиеті де көрінеді. Әрине, жаугершілік заманда небір қиянат, тіпті адамдық қалыпқа сыймайтын әрекеттер болып жатады. Бассыз жатқан өлі екі жасқа есім беріп, арулап көму – ат үстіндегі жаугершілік уақыт болса да, батырдың мұсылмандық, адамдық әдебін танытады.

«Әділ барабан» топонимикалық аңызында да Қабанбайдың адамдық құрметке бөленуі суреттеледі. Қиын, жаугершілік уақытта өзбек баласы батырға бауыр басады. Батыр оны туған ұлындай көріп үйлендіреді. Осыған орай өзбек баласы Әділ Қабанбайдың ұрыстарынан қалмай, қасында болады. Жас жігіт соғыс қаруларын соғуға, сырнай тартып, дабыл, барабан өңдеуге шебер екен. Сонымен бірге соғыста сол барабанын ала жүріп, шабуыл белгісін сол арқылы білдіреді. Сонан барып ол «Әділ барабан» атаныпты. Қиын-қыстау күндердегі тағдырластық, сенің халқың үшін қасық қанын аямаған ерлік адамды туыстырып жібереді ғой, сол себепті батыр бабамыз оған өз баласындай көріп, әйел әпереді, бірақ одан ұрпақ көре алмай, ол әйел ерте дүние салады. Екінші әйелді әперген күні түнде «ел шетіне жау тиді» деген суық хабарды естіген ер ыстық құшақтан қимастықпен айырылып, сол жолы қайта орала алмай, қан майданда қаза табады. Кейінгі ұрпақ оны өзінің ержүрек аталарының бірі ретінде күні бүгінге дейін қадыр тұтып, батырдың зираты тұрған жотаны «Әділ барабан» деп атаған дейді (Сәнік, 2005).

3. Сәніктің естелік, эсселер кітабында сол өңірден шыққан танымал тұлғалар, олардың ғажап істері туралы да айтылады. Соның бірі – Байыс би. Байыс би сұңғыла, әрі есепші адам болған екен. Бір жылы қыста жұт жүретінін алдын ала болжап, тобылғы, қарағаннан тоғыз қабат қорған соқтырып, жаз бойы жылқының тезегін жидырған екен. Қыс түсе жылқысын күйеу баласы Тоқтарқожаның алдына салып, жылы жаққа апарып бағып келуді тапсырады. Киелі бидің болжағанындай, сол жылы қыста ақсүйек жұт жүріп, бүкіл елдің малы қынадай қырылыпты. Байыс бидің тобылғы қорғанға қамалған қойы қорғанның 8 қабатын жеп болып, 9 қабатына жеткенде жаз шыққан екен. Ал сиыры қыс бойы жылқының боғын аужал қылып, көктемге азырақ тұқымдық сиыр қалып, Байыс бидің «жұтқан жұтамайды, жылқы боғы сиырға ас болады» деген болжамы дәлелденіпті. Би сиырын осы өзеннің бойына қыстатқан екен, сонан бастап бұл өзен «Боқ ас», яғни «Боғас» аталып кеткен екен дейді аңызда (Сәнік, 2005).

Топонимикалық аңыздар тек батырлық, ерлік үлгісінде ғана емес, қарапайым тұрмыстық жағдайларға да байланысты айтылып, ел аузында сақталатыны байқалады. Өйткені қандай да бір жер атауы тегіннен тегін қойылмайды. Жоғарыдағы «Боғас» топонимикалық аңызында халықтық тәжірибе дәріптелсе, мал шаруашылығын кәсіп еткен халықтың жер ыңғайын өте жақсы танып, жердің әр алуан жағдайынан хабар беретін аттарды нақты қойып отырғаны айтылады. Қазақстанда топонимика ғылымының негізін салған ғалым Ғ. Қоңқашбаевтың: «Ертеректе қазақтар көшпелі малшаруашылығымен айналысқан, малға жайылым іздеп, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафттық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты меңгерген», – деген пікірінде шындық бар (Конкашпаев, 1949). «Боғас» топонимикалық атауынан да осы ерекшелік аңғарылады. Халық қиялы ұшқыр. Кейде өз таным-қиялымен жер-су атауын басқаша таратып айтады. Қытай Халық Республикасының қазақтар көп қоныстанған Іле аймағында кеңінен таралған «Сұлтан патша» хикаялық дастанында, мәселен, *Алтай, Сауыр, Тарбағатай* жер атауларын аңыздап айту сарыны кездеседі. «*Қолбасы Алтай батыр* аты шығып, / Сол кезде мекен еткен таудың қырын. / Өткенгі іс уақыт озса естен кетпек, / Тарихтың кім біледі айтпай сырын. // *Алтайдың үлкен ұлы Сауыр* екен, / *Туысқан Тарбағатай бауыры* екен. / Қорғаған әскер бастап елдің шетін, / *Қолбасы, ерен батыр тәуірі* екен», – деп айтады (Алпысбаева және т.б., 2005). Аңыздан олардың бір кезеңде өмір кешіп, туысқан-бауыр болғаны аңғарылады. Әрине, бұл халық қиялының жемісі.

Қорытынды

Қытай қазақтарының фольклорлық мұраларының бір саласы саналатын топонимикалық аңыздардың молдығы мен әр алуандығы зерттеу барысында байқалды. Өкінішке орай, бұл әдеби құндылықтарға толық қол жеткіздік дей алмаймыз. «Бабалар сөзі» жүзтомдығы мен жекелеген авторлардың материалдары пайдаланылды. Әйтсе де, қамтылған топонимикалық аңыздар мен сарындарды саралағанда, қазақ халқына тән жер-суға ат қоюдағы қиял ұшқырлығы мен таным тереңдігі, жаратылыстың тылсым сыры мен сұлулықты танудағы эстетикалық өресінің биіктігі аңғарылады. Топонимикалық аңыз бен сарындарда халықтың ерте заманнан жалғасып келе жатқан тарихы мен атақонысты жаудан қорғап қалу жолындағы күресінің көркем шежіресі танылады. Топонимикалық аңыздарда халық батырының тұлғасы жан-жақты айшықталса, топонимдік сарындарда жер-су байлығы мен сұлулығы, халықтың туған жерін сүюі мен сағынышы, қиыншылық кездерде амалсыз үркіншілікке ұшырауы, тағы басқа тарихи жағдайлар мен уақыт шындығынан хабар беріледі. Қазақ халқының Ұлы және Орта жүз тайпаларының ол жерге ерте заманнан қоныс теуіп, атажұртына айналғаны бейнеленеді. Топонимикалық аңыз бен сарын да бір күннің жемісі емес. Сондықтан да халық тарихын зерттеуде құнды сала саналады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған АР19678046 «Шетелдердегі (Ресей, Қытай, Монғолия) қазақ топонимикалық аңыздары: типологиясы, генетикасы және поэтикалық ерекшелігі» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жобасы аясында жазылған.

Авторлардың қосқан үлесі.

С.О. Құлбарақ – мақаланың тұжырымдамасын құру, топонимикалық атауларды жинау және талдау; **А.Б.Жолмаханова** – теориялық материалдарды жинақтау және талдау, зерттеу нәтижелерін синтездеу; **Ә.М. Башенова** – мақала мәтінімен жұмыс, зерттеу қорытындыларын талдау.

Әдебиеттер тізімі

- Алпысбаева, Қ., Әуесбаева, П., & Қосан, С. (құраст.). (2005). Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Қытайдағы қазақ фольклоры. Тарихи жырлар (Т. 28). Астана: Фолиант.
- Ғашықтық ғаламаты. (2000). Қазақтың ғашықтық жырлары (7-том, 80–188). Үрімжі: Шыңжан Жастар-өрендер баспасы.
- Жанұзақ, Т. (2011). Жер-су атаулары. Алматы: Өнер.
- Мырзахметұлы, М. (1998). Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат.
- Кәкішев, Т., & Шәкенұлы, Ж. (2010, қазан 3). Қытайдағы бауырлардың руханияты (Қытай сапарынан естелік). Абай-Ақпарат. <https://abai.kz/post/4992>
- Келімбетов, Н. (2005). Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары): Оқулық. Алматы: Атамұра.
- Керімбаев, Е. (1984). Атаулар сыры. Алматы: Қазақстан.
- Конкашпаев, Г. К. (1949). Казахские народные географические термины (Автореферат дис. ... канд. географ. наук). Алма-Ата.
- Қосан, С. (2005). Томға енген мәтіндерге түсініктеме. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Қытайдағы қазақ фольклоры. Тарихи жырлар (Т. 28). Астана: Фолиант.
- Қошым Ноғай, Б. С. (2003). Тіл ұшындағы тарих. Алматы: Жазушы.
- Қасқабасов, С. (1984). Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым.
- Мамышева, М., & Сейітова, Ш. (2022). Тарбағатай топонимдеріндегі атаулар семантикасы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 140(3), 95–102. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-95-102>
- Мырзахметұлы, М. (1998). Түркістанда туған ойлар. Алматы: Санат.
- Озғанбаев, Ө. (2014, маусым 19). Ер Жәнібек. Ана тілі газеті. Abai-Aqparat. <https://abai.kz/post/38829>
- Оралбай Е. Қ. (құраст.). (2019). Тарихқа толы Тарбағатай IV. Алматы: Мерей.
- Сәнік, З. (2005). Хан батыр – Қабанбай: Естелік, эсселер. Алматы: ҚАЗАқпарат.
- Сәнік, З. (2017). Көптомдық шығармалар жинағы (Т. 15: Естелік, жолжазбалар). Алматы: Ан-Арыс.
- Тасполатов, Б. Т. (2016). Қазығұрт топонимдері: Монография. Шымкент: Әлем.
- Тұрсынқұлов, Қ. (1998). Қазығұрт: Аңыз бен ақиқат. Алматы: ТоғанайТ.
- Ye, P., Jiang, Y., & Wang, Y. (2025). CHTopo: A Multi-Source Large-Scale Chinese Toponym Annotation Corpus. Information, 16(7), 610. <https://doi.org/10.3390/info16070610>

С.О. Кулбарак¹, А.Б. Жолмаханова², А.М. Башенова^{3*}

¹Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

^{2,3}Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

Казахские топонимические легенды и мотивы в Китае

Аннотация. Данная статья посвящена научному анализу топонимических легенд, сохранившихся среди казахской диаспоры в Китайской Народной Республике. Казахский народ отличается богатым фольклорным наследием, одной из значимых частей которого являются легенды и предания, связанные с географическими названиями. Эти легенды, широко распространённые среди казахов Китая, играют важную роль в сохранении этнического сознания и возрождении исторической памяти. В статье собраны и проанализированы легенды, связанные с названиями мест, населённых казахами в районах Алтая, Или и Тарбагатай. Из этих легенд можно извлечь не только сведения о географических объектах, но и ценные данные об исторических событиях, героях и значимых периодах жизни народа. Автор пытался типологизировать легенды, выявляя их поэтическую структуру, систему персонажей и познавательные особенности. Кроме того, подчеркивается место и значение таких фольклорных текстов в историко-культурном контексте. В качестве источников использованы устные материалы, записанные среди казахов Китая, а также этнографические исследования. В результате исследования доказывается, что топонимические легенды представляют собой важный культурный феномен, отражающий древнее мировоззрение и духовно-культурную сущность казахского народа. Данное исследование выявляет роль фольклора в сохранении языковой, исторической и духовной идентичности казахской общины в Китае и вносит значительный вклад в изучение казахской топонимии.

Ключевые слова: казахи Китая, топонимические легенды, фольклор, топонимические мотивы, историческое событие.

S.O. Kulbarak¹, A.B. Zholmakhanova², A.M. Bashenova^{3*}

¹M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

^{2,3}Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

Kazakh toponymic legends and motives in China

Abstract. This article explores the toponymic legends preserved among the Kazakh diaspora in the People's Republic of China, highlighting their role in sustaining ethnic identity and collective memory. The Kazakhs, with a rich folklore tradition dating back to ancient times, have long associated myths and legends with place names. The study focuses on legends from the Altai, Ili, and Tarbagatai regions, analyzing their content, structure, and cultural significance. These narratives not only describe geographical objects but also convey historical events, heroic figures, and key moments of the past. The article attempts a typological classification of the legends, examining their poetic structures, character systems, and cognitive features. Attention is also given to the broader historical and cultural context in which these texts function, underscoring their importance in preserving linguistic, historical, and spiritual identity. Drawing on oral accounts and ethnographic research collected among Kazakhs in China, the study demonstrates that toponymic legends are a vital cultural phenomenon reflecting the

ancient worldview and values of the Kazakh people, while contributing to the development of Kazakh toponymy.

Keywords: Chinese Kazakhs, toponymic legends, folklore, toponymic motives, historical event.

References

- Alpysbaeva, K., Auesbaeva, P., & Kosan, S. (Comps.). (2005). Babalar sozi: Zhuztomdyk. Kytaidagy kazak folklory. Tarikhi zhyrlar. T. 28 [The Word of the Ancestors: Hundred Volumes. Kazakh Folklore in China. Historical Epics. Vol. 28]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- Gashykyk ghalamaty [The miracle of love]. (2000). In Qazaqtyn gashykyk zhyrlary [Kazakh love poems] (Vol. 7, pp. 80–188). Urimzhi: Shyngzhan Zhastar-oren-der baspasy. [in Kazakh].
- Zhanuzak, T. (2011). Zher-su ataulary [Place names]. Almaty: Oner. [in Kazakh].
- Kakyshev, T., & Shakenuly, Zh. (2010, October 3). Kytaidagy bauyrlardyn rukhaniaty (Qytai saparynan estelik) [The spirituality of brothers in China (memoirs from a trip to China)]. Abai.kz. <https://abai.kz/post/4992> [in Kazakh].
- Kelimbetov, N. (2005). Ezhelgi dauir adebiety (Kazak adebiety bastauly) Okulyk [Ancient literature (Sources of Kazakh literature). Textbook]. Almaty: Atamura. [in Kazakh].
- Kerimbaev, E. (1984). Ataular syry [The secret of names]. Almaty: Kazakstan. [in Kazakh].
- Konkapshaev, G. K. (1949). Kazahskie narodnye geograficheskie terminy [avtoreferat dissertatsii kandidata geograficheskikh nauk] [Kazakh folk geographical terms [Dissertation Abstract for Candidate of Geography]. Alma-Ata. [in Russian].
- Kosan, S. (2005). Tomgha engen matinderge tusinikteme. In Babalar sozi: Zhuztomdyk. Kytaidagy kazak folklory. Tarikhi zhyrlar (Vol. 28). Astana: Foliant.
- Koshym Nogai, B.S. (2003). Til ushindagy tarih [History on the tip of the tongue]. Almaty: Zhazushy.
- Kaskabasov, S. (1984). Kazaktyn khalyk prozasy [Kazakh folk prose]. Almaty: Gylym.
- Mamysheva M., & Seitova Sh. (2022). Semantics of Tarbagatai toponyms. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, 140(3), 95–102. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-95-102>
- Myrzakhmetuly, M. (1998). Turkistanda tughan oilar [Thoughts born in Turkistan]. Almaty: Sanat.
- Ozgangbaev, O. (2014, June 19). Er Zhanibek [Hero Zhanibek]. Abai.kz. <https://abai.kz/post/38829>
- Oralbai E. Q. (Comp.). Tarikhqa toly Tarbagatai IV [Tarbagatai full of history IV]. (2019). Almaty: Merei.
- Sanik, Z. (2005). Khan batyr – Kabanbai. Estelik, esseler [Khan batyr – Kabanbai. Memoirs, essays]. Almaty: QAZAqparat.
- Sanik, Z. (2017). Koptomdyk shygarmalar zhinagy. T.15: Yestelik, zholzhazbalar [Collected works. Vol. 15: Memoirs, travel notes]. Almaty: An-Arys.
- Taspolatov, B. T. (2016). Kazyghurt toponimderi. Monografiia [Toponyms of Kazyghurt. Monograph]. Shymkent: Alem.
- Tursynqulov, Q. (1998). Kazyghurt: Anyz ben akikat [Kazyghurt: Legend and truth]. Almaty: Toganai T.
- Ye, P., Jiang, Y., & Wang, Y. (2025). CHTopo: A Multi-Source Large-Scale Chinese Toponym Annotation Corpus. Information, 16(7), 610. <https://doi.org/10.3390/info16070610>

Авторлар туралы мәлімет:

Құлбарақ Сәмен Оразғалиұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан. E-mail: samen-56@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6092-5388.

Жолмаханова Ақерке Болатқызы – PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: erke_zh@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8273-7046.

Башенова Әлия Молдабекқызы – хат-хабар үшін автор, филология магистрі, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан. E-mail: basenovaalia@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4182-0887.

Құлбарак Самен Оразғалиұлы – доктор филологических наук, профессор, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан. E-mail: samen-56@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6092-5388.

Жолмаханова Акерке Болатқызы – PhD, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: erke_zh@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8273-7046.

Башенова Алия Молдабекқызы – автор для корреспонденции, магистр филологии, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан. E-mail: basenovaalia@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4182-0887.

Kulbarak Samen Orazgaliuli – Doctor of Philology, Professor, M.Kh. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan. E-mail: samen-56@mail.ru, ORCID: 0000-0001-6092-5388.

Zholmakhanova Akerke Bolatkyzy – PhD, Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: erke_zh@mail.ru, ORCID: 0000-0001-8273-7046.

Bashenova Aliya Moldabekkyzy – corresponding author, Master of Philology, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. E-mail: basenovaalia@gmail.com, ORCID: 0000-0002-4182-0887.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).